

Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 тамыз 1992 ж. N 645. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.03.01. N 308 қаулысымен. ~P010308

Еңбек қатынастарын хұқықтық реттеу жүйесіне реформа жасауды жүзеге асыру, қоғамның барлық әлеуметтік топтары мен жіктерінің өзара сенім мен сыйндарлы ынтымақтастығы негізінде мемлекеттің дәнекерлік етуімен әлеуметтік әріптестік қатынастарын, азаматтық татулықты жолға қою үшін жағдай туғызу мақсатында, сондай-ақ кәсіподак органдарының, концерндердің, қауымдастықтардың және кәсіпкерлердің мүдделерін бейнелейтін басқа да бірлестіктердің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік өкімет және басқару органдары мен меншік өкілдері (жұмыс берушілер, жұмыс берушілер бірлестіктері) және кәсіподактардың респубикалық бірлестіктері арасында респубикалық, салалық және жергілікті деңгейде еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар саласында жыл сайын келісімдер жасасуы іс-тәжірибесіне енгізілсін.

2. Салалық тарифтік келісімдер жасасу тәртібі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының "Ұжымдық шарттар мен келісімдер туралы" Заңы қабылданғанға дейін келісімдерге қатысты алауыздықтармен туындаған еңбек дауларын шешу үшін Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне:

келісімдердің тіркелуін және мемлекеттік басқару органдарының, меншік нысаны мен ведомстволық қарапастылығына қарамастан, кәсіпорындардың бірлестіктер мен ұйымдардың оларды орындауды бақылауды жүзеге асыруға;

ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) шешу жөніндегі жұмыска республиканың министрліктері мен ведомстволарының, қауымдастықтардың, концерндердің, корпорациялар мен басқа да бірлестіктердің (кәсіпорындардың) басшылары мен қызметкерлерін тартуға хұқы бар.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне, Мемэкономкомға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісіп:

ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) қарau және реттеу жөніндегі респубикалық пәтуаластыру комиссиясының құрамын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсыну;

комиссияның хұқықтық мәртебесін, оның қызметінің тәртібі мен шарттарын, тараптардың мұдделерін білдіруге өкілдік беру және тәуелсіз сарапшыларды тарту тәртібін белгілеу тапсырылысын.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, меншік нысанына қарамастан, салалық өкілдік хұқын алған концерндер, корпорациялар, қауымдастықтар мен басқа да бірлестіктер салалық тарифтік келісімдер жобаларын әзірлеу және еңбек дауларын реттеу үшін бір ай мерзімде құрамында жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың өкілдері бар салалық комиссиялар құратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер жасасу жөніндегі келіссөздердің барысын кеңінен әйгілеп отыруды ұйымдастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министр

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 3 тамыздағы
N 645 қаулысымен
Бекітілген

Салалық тарифтік (республикалық, салалық, аймақтық) келісімдер жасасудың тәртібі туралы
Ереже

Осы Ереже салалық тарифтік келісімдер жасасудың тәртібін ұсынады.

I. Салалық тарифтік келісімдер жайындағы ұғым

Салалық тарифтік келісімдерге халық шаруашылығының жекелеген салалары (салалар кешендері) деңгейінде еңбек қатынастарын реттейтін ұжымдық келіссөздерге қатысуши тараптар жасасқан келісімдер жатады.

Салалық тарифтік келісім - саладағы еңбек қатынастарын реттеудің шарттары туралы келіссөздерге қатысуши тараптар арасындағы заң жүзінде ресімделген

ж а з б а ш а

ш а р т .

II. Салалық тарифтік келісімдерге қатысуышы тараптар

Меншік иесінің мүддесін білдіретін органдар (салалық басқару органдары) мен еңбек ұжымдарының мүдделерін білдіретін кәсіподақтардың бірлестіктері немесе өзге де бірлестіктер салалық тарифтік келісімдерге қатысуышы тараптар
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Меншік иесінің (жұмыс берушінің) мүддесін білдіретін салалық органдарға министрліктер, концерндер, қауымдастықтар және мемлекеттік кәсіпорындардың басқа да бірлестіктері жатады. Меншіктің өзге нысандары жағдайында оның мүдделерін салалық сипатына қарай қалыптасқан кәсіпкерлер (кәсіпорындар басшылары) одақтары білдіреді.

Еңбек ұжымдарының мүдделерін білдіретін салалық бірлестіктерге тиісінше сайланған, тиісті өкілдіктер (Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес) берілген және салалық сипатына қарай қалыптасқан кәсіподақ ұйымдары немесе еңбекшілердің өзге де өкілетті ұйымдары жатады.

Республика үкіметі, жергілікті өкімет органдары салалық тарифтік келісімдер жасасу жөніндегі келіссөздерді ұйымдастыруға жәрдемдеседі және қатысады, ал қажет болған жағдайларда салалық тарифтік келісімдер жасасуға толық хұқығы
б а р т а р а п б о л а б о л а д ы .

III. Салалық тарифтік келісімдердің қолданылу аясы

Салалық тарифтік келісімдердің қолданылу аясы осы саланың (министрліктиң, концернің және т.с.) кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне, кәсібіне қарамастан, жалдау шартымен қабылданған барлық қызметкерлерді, сондай-ақ кәсіпкерлерді (жұмыс берушілерді) қамтиды.

IV. К е л і с і м ж а с а у р ә с і м і

Келісім жасау рәсімі, келіссөздерді ұйымдастыру тәртібі тараптардың өзара келісімі бойынша белгіленеді.

V. Келісімнің қолданылу мерзімі

Келісімнің қолданылу мерзімін келіссөздерге қатысқан тараптар белгілейді.

VI. Келіссөздердің мәні

Салалық тарифтік келісімдер жасау жөніндегі келіссөздерде талқылануға арналған мәселелердің нақты тізбесін тараптар белгілейді. Олардың қатарына тараптардың мынадай міндеттемелері:

а) бірлескен міндеттемелері:

өндірістік көлемін, еңбек өнімділігінің деңгейін және өнім сапасын қамтитын саланың экономикалық дамуында белгілі бір көрсеткіштерге жету:
мемлекеттік қажеті үшін басқа тұтынушыларға өнім жеткізуді қамтамасыз
е т у ;

орташа жалақының өсуін қамтамасыз ету және басқалары;

б) меншік иесінің (кәсіпкерлердің) мұдделерін білдіретін органдар тарапынан :

салалық тарифтік келісімдерде көзделген әлеуметтік кепілдіктерді сактау,
соның ішінде :

- салааралық қызметкерлерінің тиісті кәсіптік-мамандық топтары бойынша ставкалар мен еңбекақыларының мөлшерін (мемлекеттік тарифтен төмендетпей);

- қосымша ақылар мен үстеме ақылардың мөлшерлерін және оларды төлеудің тәртібін (мемлекет тағайындаған мөлшерден азайтпай);

- салааралық және салалық еңбек нормаларын қолданудың тәртібін;

- қызметкерлерді тарифтеу мен аттестациялаудың тәртібін;

- еңбек пен демалыс тәртібін;

- әр түрлі женілдіктерді, өтемақыларды және басқаларын белгілеу;

жұмыспен қамту саласындағы саясатты айқындау;

кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлау;

шаруашылықты жүргізудің прогресшіл құрылымы мен әдістерін дамыту;

кәсіпорындар мен үйымдарда озық техника мен технологияны, ғылыми-техникалық прогрестің басқа да жетістіктерін енгізу; рентабельді және бәсекеге қабілетті өнімдер шығару;

жұмыс орындарының хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде пәрменді саясат жүргізу;

жұмыстан жаппай босату және кәсіпорындарды жабу шараларынан бас тарту, қызметкерлерді жұмыстан босатудың алдын алатын шаралар қолдану;

объективті себептерге байланысты келісімде көзделген әлеуметтік кепілдіктерді сактау үшін жеткілікті қаржылары жоқ кәсіпорындарға қаржымен,

соның ішінде тиісті резервтік қорлар арқылы қолдау жасау; салалық тарифтік келісімдер жасасқан, еңбекшілердің мұдделерін білдіретін органдарға олардың талап етуі бойынша саланың даму жоспарлары мен перспективалары туралы және тағы басқадай ақпарат беріп отыру;

в) еңбек ұжымдарының мұдделерін білдіретін салалық бірлестіктер тарапынан:

келісім шарттарын орындау барысында ереуілден бас тарту; еңбек тәртібін қамтамасыз ету; еңбек ұжымдарының кәсіпорындарға, министрлікке (концернге, қауымдастыққа және сондайларға) материалдық зиян келтірген негізсіз әрекеттері үшін қаржылай жауапкершілігі жөніндегі міндеттемелер енгізілуі мүмкін.

VII. Тарифтік келісімді орындаудың барысына бақылау жасау

Тараптардың әрқайсысының тарифтік келісімінің орындалу барысына дербес бақылау жасауға хұқы бар.